

Шиеленіс тудыратын себептер және оларды шешу жолдыры

Қабылдаған: Егембердиева. Ж


Орындаған: Кусепова. Р

Тобы: ЖМ 101 Ғ



Тұлға аралық немесе адамдар тобы әрекеттееуі мен қатынасуы кезінде, олардың ойлары мен ықпалдарының бір, бірше сәйкес емес, қарама-қайшы келуі салдарынан, негативті эмоционалдық әсерден екі жақты да уайымға, қобалжуға әкелуін **қақтығыстар (конфликт)** дейді. Топтағы адамдардың мүдделерінің, пікірлерінің, мақсаттарының қарама-қарсы келіп, оларға жету жолдары да әртүрлі түсінікте болуы көптеген конфликтік жағдайлардын негізінде жатады.


Қақтығыс, талас, шиеленіс көріністері жалпы өмірде де, медицинада да кездесіп, жиі байқалады. Әр шиеленісте дәрігердің ең бір басты мақсаты — бұл қарсылықтың мотивін, яғни, себептерін білу. Көбінесе конфликт себептеріне адамның билік білдіруі, өзін-өзі көрсеткісі келуі, қозу жағдайынан шығуы жатады. Қақтығыс үстінде оның себептері айтылмайды және олар сезілмеуі де мүмкін. Бірақ, келешекте бұндай шиеленістің алдын алу үшін, дәрігер оның себептерін білуі керек



Сұхбаттасу үстінде ауру адамға ұсынылған мәлімет, тек ойлануға ғана берілген ақпарат. Ал науқастың жан дүниесінің ішкілікті шиеленісін шешу негізінде алынған мәлімет — сенім тудыратын түрде қабылданады. Конфликт, дәрігер тәжірибесінде көбінесе қызметтестер арасында кездеседі. Конфликтің негізінде жатқан жайларға қарай жіктелуі:

- тұлғааралық қақтығыстар;
- тұлға және мекеме арасындағы қақтығыстар;
- жеке топтар арасындағы қақтығыстар;
- мекемелер аралық қақтығыстар





Жіктеудің келесі түрі бойынша қақтығыстар мынадай топтарға бөлінеді:

- горизонталды қақтығыстар(бір-біріне бағынбайтын, бір қатардағы қызметтестер арасында);
- вертикалды қақтығыстар (бір-біріне бағыныштағы адамдар арасында);
- аралас түрі.



Қақтығыс жағдайындағы басшының тәртібі.
Шиеленіс кезінде адамның тәртібі жөнінде әртүрлі
үлгілер бар. Конфликті конструктивті шешу келесі
жайларға байланысты болады:

- **шиеленісті адекватты (тиісті) қабылдау**, яғни өзінің, жекешелік және қарсыласының ықпалдары мен қылықтарын нақтылы дәл және бір жақты емес балмауы;
- **ашық және нәтижелі қатынас жасау**, проблеманы жан-жақты талқылауға даярлық, конфликтік жағдайдан жолдары туралы ұсыныстарын, болған жағдай туралы өз түсінігін, мүдделерін ашық және әділ түрде айтуы;


Қақтығыстарды шешудің негізгі бағыттары:

1. Психодинамикалық бағыт (психоанализ). Бұл бағыттың басты міндеті санасыз тенденциялар мен импульстерді анықтау және саналылық деңгейге көтеру.

2. Мінез – құлықтық психотерапия. Индивидтің кең мағынадағы мінез-құлығымен жұмыс істеуге бағытталған. Кеңесшінің көмегімен, клиент өзінің кикілжіңдер кезіндегі конструктивті емес мінез-құлқының себебі болып табылатын өз ойларын ауыстырады.

3. Гуманистік бағыт. Психотерапия кезінде клиентке «зат ретінде» қарауға және қысым жасауға қарсы шығады. Оның негізгі қағидалары «осында және қазір» басшылыққа алынатын шешімдерге шоғырландыру,

ің ж
ы.





НАЗАРЛАРЫҢЫЗ ҮШІН
РАХМЕТ!!!